

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылының 1-жартыжылдығы

### Педагогтердің кәсіби конкурстардағы жетістіктері

Қазан айында жас педагогтардың шығармашылық әулетін және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге мұғалімдердің кәсіби көзқарасын қалыптастыру мақсатында желілік «Абай мектептерінің» жас мамандары арасында өткен «Менің педагогикалық әлемім» атты республикалық байқауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов Мақсат Болатұлы қатысып ІІ жүлделі орынға ие болды және Дипломмен марапатталды. Байқау барысында Мақсат Болатұлы жаңартылған білім беру технологияларын тиімді пайдалана отырып «Педагогикалық дебют» тапсырмасы бойынша онлайн панорамалық сабақ өткізді және «Педагогикалық шеберлік қоймасы» тапсырмасы бойынша сұрақ-жауаптар мен жаңаяттарды шешті.



Желтоқсан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Оңғарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б. және Муратов М.Б. Абай желілік мектептерінің жылдық жоспарына сәйкес, шығармашыл педагогтерді анықтау және қолдау, ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату, педагогикалық идеялар, үздік бағдарлама, үздік ғылыми мақала нәтижелерімен алмасу мақсатында өткен «Үздік оқу-әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламалар» республикалық сырттай байқауға қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша Оңғарбай Ж. І жүлделі, Даулеткалиева Т.Б. және Муратов М.Б. ІІІ жүлделі орындарға ие болып дәрежелі Дипломдармен және Ахат А.Д. Алғыс хатпен марапатталады.



Дайындаған: Кусаннова С.З.-бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары